

Саясаттың сырларын сараптаған



(Соңы. Басы 1-бетте).

тұста сол өңгімені КГБ арқылы тын тындап алған керітартпа күштердің Қазақстан басшысын одақтық түйінді қызметке жібермеу үшін мемлекеттік төңкеріс дайындығын тездеткенді саяттық оқырмандардың бүгінгі буынына беймағлұм жайлар әсерлі баяндалған. Кітап кез келген құбылысқа дуалистік тұрғыдан қарай алумен, күнгей мен көлеңке қатар көре білумен ерекшеленеді. С.Абдрахманов бұл ойын кітап авторының Дэн Сяопин мен Борис Ельцин сынды күрделі тұлғалардың өміріндегі өзекті сәттерді сипаттайтын тұстарынан дәлсіз көлге келтіріп отырып кестеледі. Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстан дипломатиясы жана паракқа түскен алғашқы жолдай болып басталды деген ойын

негізінен қостай тұра, бас басылым басшысы біздің еліміздің халықаралық аренадағы қызметінің табыстылығын жалпы қазақ табиғатына дипломатия тән екендігімен де байланыстырды: сөзді тосып сөйлеу, ойды астарлап айтудан бастап дастарқан басында жайғасуға, мүшелуге дейін халықтық хаттаманың терең тамырлары танылады.

Негізінен кітап өте қанық әрі түсінікті тілмен жазылған. Онда сан түрлі келіссөздер барысында орын алған жәйттер, айтылған терең ойлар мен жеңіл әзілдерге дейін тиынқты келтірілген. Кітап тақырыбы еліміздің сыртқы саяси бағытына бағышталғандықтан да, онда Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевқа қатысты тұстар көп. Олар қызықты да қызықты. Мысалы, Н.Назарбаев пен Қытайдың бұрынғы басшысы Цзян Цзэминь ара-

сындағы ашық әңгіме келтіріледі. Нұрсұлтан Әбішұлы Қытайдың АҚШ-қа көзқарасын сұраған көрінеді. Сонда Қытай басшысы экономикасы сегіз есе асып тұрған елмен ынтымақтастықта болу керектігін, жетіп алуға уақыт қажеттігін, содан соң ғана жана типтегі қарым-қатынас орнататындықтарын алға тартқан екен. Данағой саясаткердің сол сөзі қазір жүзеге асып келе жатқандай көрінеді бізге. Кітаптың да құдіреті сонда, ол көптеген жылдар бұрын айтылған сөздердің астарын ашып беріп жатады.

Елбасының отбасылық мерекені де мемлекет мүддесіне пайдаланып жататын тұстары да назардан тыс қалмапты. Өзінің естелігін кітап авторы былай келтіреді. 1998 жылдың 6 шілдесінде Мемлекет басшысы туған күніне қарамай,

маңызды құжаттарға: ХХІ ғасырға қаратып айтқан мәңгілік достық пен одақтастық туралы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану мақсатымен Каспий теңізінің солтүстік бөлігін бөлісу жөніндегі декларацияларға қол қою үшін Мәскеуге барғандығын жазған. Егер көпшіліктің есінде болса, Нұрсұлтан Әбішұлының Алматының ескі алаңында орналасқан бұрынғы Парламент үйінде еліміз астанасын Ақмолаға көшіру мәселесі шешіліп жатқанда да туған күні болатын. Үлкен жарысөзден кейін мәселе осы туған күннің арқасында шешімін тапқан-ды. Айта берсек, еңбекте мұндай тағылым аларлық тұстар өте көп.

Журналистер сұрақтарына орай берген жауабында Қасым-Жомарт Кемелұлы бірқатар жәйттердің бетін ашып берді. Атап айтқанда, келесі жыл бюджетіне жазушылардың қаламақысына қатысты қаржы бөлінгелі отырғандығын жеткізді. “Астана хабары” газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп өз кезегінде автордың жазғанын алға тарта отырып, Буштар әулеті екі президентті берсе, Токаевтар әулеті екі бірдей жазушыны бергендігін орында атап өтті. Журналистер сұрақтарына жауап қайтарған кітап авторы өз еңбегінің қыр-сырына қатысты көптеген қызықты жайларды ортаға салды. Сонынан сөз алған “Қазақстанская правда” республикалық газеті” акционерлік қоғамының президенті Александр Тараков журналистер үшін кітапта көптеген ақпараттар қамтылғандығын айта келіп, ондағы сюжеттер үйлесімді орналастырылғанын, оқиғалардың қызықтылығы оқылатынын айтып өтті.

Кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы “Астана полиграфиясы” баспасынан 10 мың данаман шығып отыр. Оның жаздырушы 1-1,5 жыл уақыт кеткені белгілі болды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы туындысы көпшілік оқрманға арналып жазылғандықтан да, олар тарапынан үлкен қызығушылық туғызады деп ойлаймыз. Алда кітаптың қазақ тіліндегі аудармасы жарық көреді деп күтілуде.

22 қарашада “Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясының қоғамдық қабылдауында Парламент Мәжілісінің депутаты — “Нұр Отан” ХДП-ның Парламент Мәжілісіндегі фракциясының мүшесі Гүлжан Қарағусова азаматтарға қоғамдық қабылдау жасалды.

Қоғамдық қабылдау жасады

Партия мүшесіне Қазақстан Республикасының азаматтарынан бес өтініш келіп түсті. Өтініштер негізінен қазақстандықтар өміріннің түрлі қырларын қамтыды. Мәселен, ауылдықтар өздері тұратын елді мекенге электр желісін тартуға ықпал етуді сұраса, жатақханада тұрып жатқандар баспаналарын жекешелендіру мәселесінде көмек қолын созуды өтінді.

Депутат барлық өтініштерді қарап, ақыл-кеңесін берді және

кейбір мәселелерді шешуге жәрдемдесті.

Парламент Мәжілісінің депутаты — “Нұр Отан” ХДП-ның Мәжілісіндегі фракциясының мүшесі Гүлжан Қарағусова азаматтарға қоғамдық қабылдау жасады.

Жұмысын бұрынғы сұт зауытының орнында өнімнің бір-екі түрін ғана шығарудан бастаған “ДЕП” кәсіпорнының қазір бірнеше өндірістік кешендері бар. Олар сүт, қатты және жұмсақ ірімшік, балмұздақ пен қойтылған сүт, дәстүрлі және сүйік йогурт, соя йогурты мен тофу ірімшігі болып жалғаса береді. Жыл сайын кәсіпорын технологиялар жаңалық қосқан сайын өндіріс көлемі де кені түседі. Қазір өзінің тұтынушыларына 200 атаумен сүт тағамдарын ұсынады. Алға жылжуды, дамуы мақсат тұтқан кәсіпорын 2005 жылы Лисаков қаласындағы сүт зауытын өзіне қосып алып, оның жабдықтарын жаңалап, жұмысын ретке келтірді. Тәулігіне 100-150 тонна сүт және сүт өнімдерін шығаратын “ДЕП” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бүгінде 800-ге тарта адам жұмыс істейді. Оның сыртында бірнеше шаруашылық пен ауыл тұрғындары қолдағы малының сүтін “ДЕП-ке” өткізіп, нәпақасын тауып отыр.

— Біз зауытқа таза, сапалы сүт өткізген шаруашылықтар мен ауыл тұрғындарына тиесілі ақысын уақытылы беруге тырыса-

Нарықтық экономиканың о бастағы көздегені өмір шындығына айналды. Қазір базар, дүкен сәресі молшылықтан майысады. Дүкен де көп, ондағы азықтың түрі де жетерлік. Келуші тапқаны емес, таңдағанын алады. Сауда мәдениеті де өскен. Кез келген дүкенде электронды таразы, қалаларда супермаркеттер де күн сайын көбейіп келеді. Дегенмен нарықтың ең сезімтал өрі әділ таразысы — тұтынушы талғамы. Өйткені, тұтынушы қашан-

мыз, сонымен қатар сыйақы беріп отырамыз, — дейді зауыт директоры Евгений Дружинин. — Өйткені, маңдай термен істеген адал еңбек кімнің тарапынан болсын бағалануға тиіс. “Сиырдың сүті — тілінде” екенін біз де жақсы түсінеміз.

Қостанай облысындағы сүт және сүт өнімдерінің 80 пайызын “ДЕП” кәсіпорны өндіреді. Сонымен қатар Рудный, Қарағанды, Өскемен, Теміртау, Павлодар, Петропавл, Жезқазған, Ақтау мен

консерванттар мен химиялық қоспаларды қоспаймыз. Сүт өнімдерінің сапасы — біздің ұжым жұмысының көрсеткіші ғана емес, ол менің елімің, жас ұрпақ алдындағы жауапкершілігім, — дейді Евгений Петрович.

Ұқсату кәсіпорындары орта бизнестегі негізгі сала десек болады. Нарықтың өзі бәсекеге негізделгенде ғана молшылықты қамтамасыз етеді. Байқау-көрмелерде “ДЕП” фирмасымен құйрық тістесе келетін кәсіпорындардың болуын Евгений Петровичтің өзі де қалайды. Алайда бұл саланы дамыту туралы оның азаматтық ұстанымдары да бар.

— Сүт өнімдерін шығаратын кәсіпорындар арасындағы бәсеке шынайы емес. Біреу түрлі биологиялық, химиялық қоспалар қосқан арзан қаймақпен, сүтпен дүкен сәресін толтырып тастайды. Ал ешқандай қоспасыз, таза табиғи сүттен жасалған біздің өнімнің бағасы қымбатырақ. Базар өдетте бағаның төмен болғанын қалайды, бірақ аталарымыз “арзанның сорпасы татымайды” деген ғой. Арзан заттың құнары да аз, алам азғасына пайдасынан зияны көп екенін адамдар ойлап жатпайды. Бизнес таза, адал болғанда ғана оның экономиканың көтерілуіне ықпалы болады. Қазір экология да өткір мәселенің бірі. Сондықтан бәсеке шынайылығын адамдар денсаулығымен байланыстырамыз да жөн, — дейді кәсіпкер Евгений Дружинин.

Қадр тапшылығы да “ДЕП-ке” тән. Алғашқы жылдары өндіріс көлемі шағын болған кезде мұнда мамандардың аздығы сезіледі бермейтін. Фирма өсіп, өндіріс көлемі артып, оның құрылымы кенейген сайын І-П зведнодағы мамандар жетіспейді. Мұны кәсіпорын директоры Евгений Дружинин тек өздерінде ғана емес, бүгінгі экономикада қалыптасқан өзекті мәселе деп біледі.

— Жастардың өзі оқып жатқан мамандықтарына ынтымақ жоктығы, ізденбейтін көңілді ортайтады. Біздің кәсіпорында тәжірибе сабағынан өтетін студенттердің бірлі-жармығы ғана өндірісте қалады. Қалғандарының технология болуға ықпалы жоқ. Дипломды қалтаға салу үшін жана оқып жатқан сияқты. Сосын дамыған елдердегі сияқты жоғары оқу орны қабырғасында болашақ мамандарға өндіріс мәдениетін үйретсе деп ойлаймын. Мен адамдардың жеке мәдениетіне жауапкершілік сезімін де жатқызымын, — дейді ол.

Евгений Петрович осылай десе дегендей. Ол бірден үлкен фирманың директоры бола қалған жок. Токсаныншы жылдары табыс табудың жолында жұмыс тандаған жок, бәрін де көрді. Еңбекқорлығы мен ізденістігі оны осындай жетістіктерге алып келді.

— Осы жылдар ішінде жетістігім бар, жоғалтқаным жок. Тәуелсіз еліміздің экономикасын көтеру үшін Президентіміз, республика Үкіметі кәсіпкерлікке қолдау көрсетіп келеді. Біздің міндет молшылық жасау еді, оны орындап келе жатқандымыз. Жетістігіміз жұрттың көз алдында. Бизнес жолында арымды жоғалтқаным жок. Тұтынушының жүзіне тура қараймын, себебі — оған ешқандай қоспасы жок табиғи сапалы сүт ұсынып отырмыз. Өзіміздің ұжымдағы өріпестеріміз, жұмысшылардың еңбегіне қиянат жасамаймын, қарыз да болмаймын. Олардың еңбек-ақысын төлеу үшін астымадағы машинамен де, басымдағы баспанамды да сатқан кездерім болған. Еліміздің алдында да арым таза — салықтан жалтарған емеспін. Ал бүгін бәсекеден қорықпаймын. Мен басқарған “ДЕП” сүт зауыты ол кезден өткен. — “ДЕП” фирмасы өндірген сүт өнімдері қандай сапалы болса ұжым жетекшісі Евгений Дружининнің де сөзі сондай сенімді, нық. Айтпақшы, Елбасының да бүгінге қойып отырған міндетінің бірегейі бәсекеге төтеп беру емес пе?

ҚОСТАНАЙ.

Ресейлік министрмен кездесті

Үкімет үйінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов Ресей Федерациясының Онеркәсіп және энергетика министрі Виктор Христенкомен кездесті, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.

Тараптар екі елдің отын-энергетикалық кешенін белсенді дамытуға бағытталған Қазақстан мен Ресей Президенттерінің тапсырмаларын орындау жолдары мен екіжақты ынтымақтастық перспективаларын талқылады.

В. Христенко “біз биылғы жылы, шынтуайтына келсек, тауар айналымы операцияларынан ірі, электр энергетикасы, мұнай-газ кешеніндегі жүйелі инвестициялық жобаларға көшеміз. Яғни, бұл іс өз қорытындымыз бойынша анағұрлым оң сипат алмақ” деп атап өтті.

Ресейлік министрдің деректері бойынша, жыл аяғына дейін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы тауар айналымының көлемі 16 миллиардқа жуық АҚШ долларын құрайды.

Кездесу соңында ҚР Премьер-Министрі екі ел үкіметтері іскімшынның нәтижесінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы саяси және сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін барлық жағдай жасалып отырғанына сенім білдірді.

Заң жобалары мемлекеттік тілде жазылады

Александр ТАСБОЛАТОВ, “Егемен Қазақстан”.

Әділет министрлігі өзгелерге үлгі танытайық деген бе, әйтеуір бүгінде бас-аяғы жиырма бір заң жобасын таза мемлекеттік тілде дайындауға білек сыбана кірісіпті. Бірақ, олар мұны Премьер-Министр Кәрім Мәсімовтің тікелей тапсыруымен ғана қолға алған көрінеді. Бұл туралы кеше Әділет вице-министрі Д.Құстаулетов айтты берді.

Алайда, аталған жиырма бір заң түгелдей жаңадан таза қазақ тілінде жазылмақ емес, бар болғаны қолданыста жүрген заңдарға Конституцияға енгізілген толықтыруларға байланысты өзгерістер ғана енгізіл-

мек. Демек, бұл да амалсыздан Ата Занымызға сай талап етілгендіктен туындап отырған оң үрдістердің бірі ғана. Сондықтан мұндай үлкен мәртебелі міндетті қолға алған Әділет министрлігі мамандарының қандай талап үдесінен шығарын әлі уақыт көрсетеді. Кезінде осы заңдардың аудармасы төңірегінде бірқатар ығынағы жағдайларын орын алғаны да белгілі. Дегенмен, екі тілдегі заңдардың ашпақтығына байланысты туындаған дау-дамайға жеткізбей-ақ, о бастан-ақ осы іс жауаптылықпен қолға алынғанда әлде қайтер еді. Себебі, бұрынғы қолданыстағы жүрген заңдар кезінде орысша дайындалып, оған соң мемлекеттік тілге аударылғандықтан, енді оларға таза қазақы қалыптағы өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенде

қандай дүние туар екен деген де ой келеді. Өйтсе де, ештен кеш жақсы дегендей, заң шығару ісінде, өзгертулер мен толықтырулар болса да, қазақ тілінде дайындала бастауы құптарлық жәйт екені анық.

Осыған сөйкес, Заңнама институтының директоры соңғы екі жыл ішінде “Жергілікті өзін-өзі басқару” секілді заң жобалары да қазақ тілінде дайындалды деп атап өтті. Тағы жеті заң жобасы қазақ тілінде дайындалмақ көрінеді. Бірақ, бұлар алдағы жылдың еншісіндегі жоспарлар екені белгілі. Сондықтан оларға өзіндік қазірден қызу қолға алынған. Дайындалып жатқан заң жобалары жан-жақты ғылыми сараптамадан өткізіледі. Олардың арасында, мәселен, еліміздің кейбір заңнамалық актілеріне Президент-

тің заңнамалық бастамашылық жасау мәселесі бойынша, “Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы” Конституциялық заңына, “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” заңына, “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” кодекске, “Еліміздің сүт жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар жобасы дайындалған.

— Біздің негізгі мақсатымыз осы жиырма бір заң жобасын қазақ тілінде жазып, дайындау. Солардың алтауын талқылап, ғылыми сараптамадан өткізіп болдық. Орыс тіліне осы қазақ тілін нұсқасынан аударылады, өйткені аталған барлық заңдардың түпнұсқасы қазақ тілінде ғана дайындалды, — дейді Д. Құстаулетов.